

**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ»
КЕАҚ Ғылыми кеңес отырысында
16.06.2026 ж. № 14 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ**

**«8D054 – Түркітану»
білім беру бағдарламалары тобына
докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы**

I. Жалпы ережелер

1. Осы бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес әзірленді («Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы») (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар).

2. «8D02208 – Түркітану» білім беру бағдарламасы тобы бойынша докторантураға түсу емтиханы үш блоктан тұрады – сұхбат, эссе жазу және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан. Бағалау құрылымы төмендегідей:

Блок	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіндік пән бойынша емтихан	50
Барлығы / шекті баллы	100/75

3. Емтихан процесінің жазбаша бөлігінің жалпы ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, оның ішінде талапкер:

А) эссе жазады (ағылшын тілінде, кемінде 250 сөз);

Б) мамандық бойынша электронды емтихан билеті сұрақтарына жауап береді (үш блок бойынша).

4. Сұхбат жазбаша бөлім басталғанға дейін жеке түрде өткізіледі.

II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. Сұхбат

Мақсаты: талапкердің докторантурада білім алуға деген уәжін, зерттеу қызығушылықтарының саналы деңгейін, сондай-ақ коммуникативтік және академиялық дағдыларын анықтау.

Форматы: сұхбат шетел тілінде жүргізіледі және оған емтихан комиссиясының мүшелері қатысады. Сұрақтар келесі тақырыптарды қамтуы мүмкін:

-талапкердің ғылыми қызығушылықтары мен мақсаттары;

-алдыңғы академиялық және кәсіби тәжірибесі;

-жоспарланған диссертациялық зерттеудің тақырыбы;

-шетел тілін оқыту, мәдениетаралық коммуникация және академиялық жазу салаларындағы өзекті мәселелер.

Бағалау критерийлері:

– ғылыми-зерттеу қызметіне деген уәждеме мен дайындық деңгейі;

– ғылыми идеяларды тұжырымдай және дәлелдей білу қабілеті;

– коммуникативтік құзыреттілік (академиялық ағылшын тілі деңгейін қоса алғанда);

– жауаптардың қисындылығы мен құрылымының тұтастығы.

2. Эссе

Мақсаты: талапкердің аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін бағалау. Бұл қабілеттер келесі негіздерде өз ұстанымын дәлелді түрде жеткізу арқылы көрініс табады:

- теориялық білім;
- ғылыми қызығушылықтар;
- әлеуметтік және жеке тәжірибе.

Эссе түрлері:

Мотивациялық эссе – ғылыми қызметке қызығушылық себептері мен докторантурада білім алуға деген уәжді ашады.

Ғылыми-талдамалық эссе – жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдіснамалық негіздерін түсіну деңгейін көрсетеді.

Мәселелік-тақырыптық эссе – пәндік саладағы өзекті ғылыми мәселелерді пайымдауын бейнелейді.

Эссе тақырыптары бағдарлама мазмұнының пәнаралық бағытын, сондай-ақ лингвистика, шетел тілдерін оқыту әдістемесі, мәдениетаралық коммуникация және тілдік білім берудің цифрлануы сияқты өзекті мәселелерді ескере отырып құрастырылады.

Білім беру бағдарламасы бейіні бойынша емтихан

Емтихан тапсырмасының құрылымы: емтихан оқу жоспарының негізгі пәндерін қамтитын үш блоктан тұрады:

Білім беру бағдарламасы бейіні бойынша емтихан

Емтихан тапсырмасының құрылымы: емтихан оқу жоспарының негізгі пәндерін қамтитын үш блоктан тұрады:

- «Түркітанудың теориясы мен әдістемесінің негіздері»;
- «Түркі тілдері лексика-фразеологиясының негіздері»;
- «Түркі халықтарының лингвадерекнамасы».

Емтихан билеті үш сұрақтан тұрады (әр блоктан бір сұрақ):

1-блок. Теориялық сұрақтар – түркітану ғылымының қалыптасуы мен дамуы, негізгі бағыттары, зерттеу әдістері, түркі тілдерінің жіктелуі, тарихи дамуы, түркі халықтарының тілдік және мәдени мұрасы туралы теориялық білім деңгейін тексеруге бағытталған. Сонымен қатар талапкердің түркітанудың негізгі ұғымдары мен ғылыми тұжырымдамаларын меңгеру дәрежесі бағаланады.

2-блок. Теориялық білімді практикалық қолдану сұрақтары – түркі тілдерінің лексикалық және фразеологиялық жүйесін талдау, тілдік бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін анықтау, ортақ түркілік және ұлттық сипаттағы тілдік құбылыстарды салыстыру, лексика-фразеологиялық материалдарды ғылыми тұрғыдан сипаттау дағдыларын бағалауға бағытталған. Тапсырмалар талапкердің теориялық білімін практикалық мәселелерді шешуде қолдану қабілетін анықтауға мүмкіндік береді.

3-блок. Жағдаяттық тапсырмалар – түркі халықтарының тілдік, тарихи және мәдени мұрасын зерттеуге байланысты кешенді мәселелерді шешуге бағытталған. Талапкерге түркі халықтарының лингвадерекнамалық материалдарын талдау, тарихи дереккөздердегі тілдік фактілерді интерпретациялау, түркі әлемінің тілдік және мәдени байланыстарын айқындауға қатысты ғылыми жағдаяттар ұсынылады. Талапкер аталған пәндер бойынша білімге сүйене отырып, нақты зерттеу міндеттерін шешу және ғылыми негізделген қорытынды жасау қабілетін көрсетуі тиіс.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар

Пән «Түркітанудың теориясы мен әдістемесінің негіздері»

1. Түркітану ғылымының пәні, нысаны, зерттеу әдістері және дереккөздері.
2. Түркі этногенезі, этнографиясы және түркітанымдық зерттеулердің ғылыми негіздері.
3. Орхон-Енисей руникалық жазба ескерткіштерінің типологиялық сипаты.
4. Қарахан дәуірі жазба ескерткіштерінің тілдік және диалектілік ерекшеліктері.
5. Түркітану ғылымының қалыптасуы мен даму кезеңдері.
6. XVIII–XIX ғасырлардағы орыс және батыс зерттеушілерінің түркітануға қосқан үлесі.
7. XIX ғасырдың екінші жартысындағы түркітанудың дербес ғылым ретінде қалыптасуы.
8. Салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі түркітанудың орны мен маңызы.
9. Ресейдегі түркі тілдерін оқыту мектептері және XX ғасыр басындағы түркология.
10. XX ғасырдағы Ресей түркітануының негізгі бағыттары.
11. Қазақстан түркітануының қалыптасуы және қазіргі даму бағыттары.
12. Әлемдік түркітанудың негізгі мектептері мен ғылыми бағыттары.
13. Түркі тілдерінің семьясы және географиялық таралу аймағы.
14. Түркі тілдерінің типологиялық ерекшеліктері және агглютинативтік сипаты.
15. Түркі тілдерінің қалыптасуы мен тарихи дамуы.
16. Түркі ататілі және оны реконструкциялау мәселелері.
17. Тілдердің генеалогиялық және типологиялық жіктелуі.
18. Түркі тілдерінің классификациясы және дәуірленуі.
19. Түркі тілдерінің дамуындағы Алтай, Хун және Көне түркі дәуірлері.
20. Орта ғасырлардағы түркі жазба мұралары және олардың тілдік ерекшеліктері.
21. Қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік жүйесі.
22. Түркі тілдері топтарының (қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар, ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ) лингвистикалық ерекшеліктері.

Пән «Түркі тілдері лексика-фразеологиясының негіздері»

1. Түркі тілдері лексикологиясының пәні, нысаны және негізгі ұғымдары.
2. Сөз – лексикалық бірлік және оның мағыналық құрылымы.
3. Түркі тілдеріндегі сөз мағынасы және көпмағыналылық құбылысы.
4. Түркі тілдеріндегі омонимия және оның түрлері.
5. Омонимдер, омофондар және омографтардың ерекшеліктері.
6. Түркі тілдеріндегі синонимия және синонимдер жүйесі.
7. Түркі тілдеріндегі антонимия және антонимдердің түрлері.
8. Түркі тілдеріндегі паронимия және паронимдердің қызметі.
9. Түркі лексикасының қалыптасуы және даму көздері.
10. Байырғы және кірме лексика: игерілу ерекшеліктері.
11. Түркі тілдеріндегі көнерген сөздер мен неологизмдер.
12. Қолданыс аясы тар лексика: диалектизмдер, кәсіби сөздер, жаргондар.
13. Түркі лексикасының стилистикалық саралануы.
14. Түркі тілдерінің этимологиясы және этимологиялық зерттеу принциптері.
15. Түркі тілдерінің лексикографиясы және сөздік түрлері.
16. Түркі тілдері фразеологиясының зерттеу нысаны мен бағыттары.
17. Фразеологизмдердің семантикалық классификациясы.
18. Фразеологиялық оралымдардың құрылымдық типтері.

19. Фразеологизмдердің шығу тегі және қалыптасу жолдары.
20. Фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты.
21. Түркі тілдеріндегі мәдени коннотация және этномәдени бірліктер.
22. Фразеологизмдердің лексика-семантикалық құрамы.
23. Фразеологиялық оралымдардың тілдік табиғаты және жүйелік ерекшеліктері.

Пән «Түркі халықтарының лингвадерекнамасы»

1. Жазудың қоғам дамуындағы және мәдениет тарихындағы маңызы.
2. Түркі халықтарының жазу тарихы және жазудың даму кезеңдері.
3. Лингвистикалық дерекнама: пәні, әдістері және міндеттері.
4. Лингвистикалық дереккөздердің типологиясы мен жіктелуі.
5. Көне түркі жазуының тарихы және зерттелуі.
6. Көне түркі руникалық әліпбиінің шығу тегі туралы ғылыми тұжырымдамалар.
7. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері.
8. Түркі руникасы: эпиграфия, палеография және лингвистика мәселелері.
9. Орхон, Енисей және Талас жазба ескерткіштері.
10. Түркі руникалық графикасы және дыбыстық жүйесі.
11. Түркі руникалық мәтіндерін оқу, транслитерациялау және аудару мәселелері.
12. Ортағасырлық араб графикалы түркі жазба мұралары.
13. «Диуани лұғат ат-түрік» және басқа ортағасырлық лексикографиялық ескерткіштер.
14. Шағатай жазба дәстүрі және оның түркі халықтары мәдениетіндегі орны.
15. Ертіс өңіріндегі руникалық жазулар.
16. Іле өңіріндегі руникалық және грек графикалы жазулар.
17. Сырдария өңіріндегі руникалық жазулар.
18. Жайық өңіріндегі руникалық жазулар.
19. Пиктографиядан логографияға дейінгі жазу жүйелерінің дамуы.
20. Түркі руникалық әліпбиінің генезисі және палеографиялық талдауы.

V. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 2006. –.
2. Ибатов А. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, 2003.
3. Егеубаев А. Диуани лұғат ат-түрк. – Алматы, 2001.
4. Айдаров Г. Көне түркі жазба ескерткіштер тілі. – Алматы, 2006.
5. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности, – М.-Л., 2004.
6. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. Изд. АН СССР. – М., Л., 2002.
7. Дыйқанов Қ. Қырғыз тіліндегі үндүүләр. – Бишкек, 2010.
8. Поливанов Д. К вопросу о долгих гласных в общетюркском праязыке. – М., 2007.
9. Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Бишкек, 2006.
10. Ряснен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М., 2001
11. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 2008.
12. Айдаров Ф., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 2001.
13. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. - Алматы, 1995.
14. Базылхан Б. Қазақ және монғол тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - Алматы, 2000.
15. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. - М., 1984.
16. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. - М., 1984.

17. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. - М., 1988.
18. Сағидолдақызы Г. Түркі (қазақ) және монғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. - Алматы, 2000.
19. Структура и история тюркских языков. - М., 1971
20. Ergin M. Üniversiteler için Türk Dili. İst. - 2000
21. Bangooğlu A. Türkçe grameri. İst. - 1972.
22. Genca T. Türk Dili grameri. – Ankara, 1972.
23. Güneş S. Türk dili Bilgisi. İzmir.2003.
24. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка, М – Л., 1956.
25. Теория международных отношений на рубеже столетий / Под ред. Буса К., Смита С. – М., 2002.
26. Современные международные отношения: Учебник / Под ред. Торкунова А.В., Мальгина А.В. – М., 2012.
27. Финкель К. История Османской империи. – М., 2010.
28. Киреев Н.Г. История Турции. XX в. – М., 2007.
29. Шаган Натали. Пантюркизм от Анкары до Баку. – Ереван, 1991.
30. Сотниченко А.А. Расцвет и закат пантюркизма. – СПб, 2008.
31. Сваранц А. Пантюркизм в геостратегии Турции на Кавказе. – М., 2002.
32. Трофимов Д.А. Внешняя политика Ирана и Турции в ЦА (На примере Узбекистана). – М., 2001.

Қосымша әдебиет:

1. Аманжолов А.С. Глагольное управление в языке древнетюркских памятников. –М., 2012
2. Аманжолов А.С. Тюркская руническая графика (методическая разработка). –Алматы, 1980 (ч. I), 1981 (ч. II), 1985 (ч. III).
3. Аманжолов А.С. Көне түркі ескерткіштерінің тілі туралы // ҚазМУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №5, 1998. –10-15б.
4. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. Алматы, 2003.
5. Ахметов М.А. Глагол в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнительном плане с современным башкирским языком). – Саратов, 2001
6. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. - Алматы 2009.
7. Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. – Л., 1981.
8. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. – Л., 1980.
9. Кормушин И.В. Тюркские енисейские эпитафии. Тексты и исследования. – М., 1997.
10. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.–Л., 2012.
11. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – М.–Л., 2007.
12. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. – М.–Л., 2005.
13. Насилов В.М. Язык орхоно-енисейских памятников. – М., 2006.
14. Насилов В.М. Древнеуйгурский язык. – М., 2003
15. Насилов В.М. Язык тюркских памятников уйгурского письма XI-XV вв. –М., 2004
16. Орхонские надписи. Кюль-тегин. Билге-каган. Тоньюкук. Составитель и научный редактор: А.Аманжолов. Семипалатинск (Семей), 2001.
17. Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. – М., 2009
18. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. – М.–Л., 2001.
19. Дудина Л.Д. Турецкий язык: учебное пособие. - Москва, 1993.
20. П.И.Кузнецов. Учебник турецкого языка. Начальный курс. - Москва, 2000.
21. П.И.Кузнецов. Учебник турецкого языка. Завершающий курс. - Москва, 2000.

22. Aksan D.«Türkçenin Gücü» Bilgi Yayınları. - Ankara, 2001
23. Aksan D. «Her Yönüyle Dil» TDK Yayınları. - Ankara, 2000
24. «Türk Dili Üzerine Araştırmaları» TDK Yayınları, 1,2 Cilt. - Ankara, 1995
25. Румер Е., Тренин Д., Хуашен Ч. Центральная Азия: взгляд из Вашингтона, Москвы и Пекина. – М., 2008.
26. Лаумулин М. Центральная Азия в зарубежной политологии и геополитике. Т. I: Центральная Азия и Казахстан в современной политологии. – Алматы: КИСИ, 2005.
27. Шеръязданова К. Г. Современные интеграционные процессы: учебное пособие. – Астана: Академия государственного управления при Президенте РК, 2010.
28. Кушкумбаев С. К. Центральная Азия на путях интеграции: геополитика, этничность, безопасность. – Алматы, 2002.
29. Евразийская стратегия суверенного Казахстана / Под ред. Б. К. Султанова. – Алматы: КИСИ, 2005.
30. Түймебаев Ж. Алтай тілдеріндегі анлаут ерін дауыссыздарының проблемасы (Рамстедт — Пелио фонетикалық Заңының ревизиясы). Мәскеу, 2004 ж
31. Түймебаев Ж. Түркі-қазақ-моңғол этно-тілдік қатынастарының тарихы. Алматы, 2008 ж.
32. Түймебаев Ж. Түркі-моңғол лексикалық параллельдерін тарихи-генетикалық ажыратудың теориялық принциптері мен критерийлері. Астана, 2008 ж.
33. Түймебаев Ж. Тұран тілінің одағы және Алтайлық ареалдағы тілдераралдық, мәдениеттераралық интерференция құбылы. Түркі дүниесі альманахтары. Астана, 2012 ж.
34. Түймебаев Ж., Сағидолда К. Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негіздері (Фонетика. Морфология). Алматы, 2015 ж.
35. Түймебаев Ж., Ескеева М. Түркологияның тарихи-лингвистикалық негіздері. Алматы, 2015 ж.
36. Tüymeбайев J., Eskeyeva M: Türkolojinin Tarihî Dilbilimsel Esasları. (Түрік тілінде). Алматы, 2017 ж.

